

"Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жариялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 30 қаңтардағы N 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуірде N 288 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 830 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 09.10.2015 № 830 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 16 шілдедегі N 3057 Жарлығын жариялай отырып,
бұйырамын: Қараныз U060000198

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің бастықтарына:

1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 15 шілдедегі N 3057 Жарлығы басшылыққа алынсын және бұлжытпай жүзеге асырылсын, "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Ереже талаптарын орындау қамтамасыз етілсін, паспорт және виза жұмыстары аппараттарының жеке құрамдарында оны оқып-үйрену ұйымдастырылсын.

1.2. Қазақстан Республикасында саяси баспана беру тәртібіне түсінік беру шетел азаматтарын қабылдау мен айналысатын қызметкерлерге жүктелсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 559 бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруге байланысты материалдарды ішкі істер органдарының қарастыру тәртібі туралы (N 1 қосымша) Нұсқаулық бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер Министрі -

Ішкі әскерлер Қолбасшысы

Қазақстан Республикасы ІІМ
1996 жылғы 30 қаңтардағы

Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруге байланысты материалдарды қарастыру тәртібі жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту: Барлық мәтін бойынша:

"облыстық ішкі істер басқармалары, Алматы қалалық ішкі істер басқармасы, облыстық ІІБ, Алматы қаласының ІІББ" деген сөздер "Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылды;

"Паспорт және виза жұмысы жөніндегі басқарма (Паспорт және виза жұмысы жөніндегі бөлім)", "Ішкі істер министрлігінің Паспорт және виза жұмысы басқармасы" деген сөздер "Көші-қон полициясы басқармасы (бөлімі)", "ІІМ-нің Көші-қон полициясы департаменті" деген сөздермен ауыстырылды;

"көші-қон жөніндегі Департаменті", "көші-қон жөніндегі Департаментінен" деген сөздер "Көші-қон жөніндегі комитеті" "Көші-қон жөніндегі комитетінен" деген сөздермен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі № 559 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Жарлығын орындау мақсатында, іс жүзінде мыналарды басшылыққа алу қажет:

I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқаулық ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің Көші-қон жөніндегі комитетінен келіп түскен Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы ұсыным хаттар бойынша материалдарды қарастыру тәртібін анықтайды.

1.2. Қазақстан Республикасында саяси баспана, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға, жалпыға танылған халықаралық құқық нормалары негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан

Республикасының Заңдарына және "Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру тәртібі туралы" Ережеге сәйкес ұсынылады. Қараныз U060000198

1.3. Саяси баспана ұсынылған адам және оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық ережесі туралы Қазақстан Республикасының заңдарында ескерілген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер алады.

II. Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасында шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беруге байланысты материалдарды қарастыру тәртібі

2.1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті (бұдан әрі - ИМ-нің КҚПД) Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон жөніндегі комитетінен Қазақстан Республикасында саяси баспана беру мәселелері туралы материалдарды алғаннан кейін, Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінен ұсыным хат берілген адамдардың келу орны бойынша оларға саяси баспана берудің орындылығы жөніндегі пікірлерін с ұ р а й д ы .

Ескерту: 2.1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 559 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

2.2. Облыстық ИБ, Алматы қаласының ИББ Көші-қон полициясы басқармалары (бөлімдері) (бұдан әрі - КҚПБ(б)) өздерінің есепке алулары бойынша ұсыным хатты қанағаттандыруға кедергі келтіретін мәліметтердің бар екендігін тексереді, Ішкі істер органдарының қалалық аудандық органдарының пікірін сұрастырады. Жүргізілген тексерулер негізінде, саяси баспана берудің орындылығы жөнінде қорытынды жазылады да, ол тексеру материалдарымен бірге Қазақстан Республикасы ИМ-нің Көші-қон полициясы департаментіне ж і б е р і л е д і .

Қорытындыға Көші-қон полициясы басқармасы (бөлімі) бастығы немесе оның орынбасары қол қояды және оны облыстың ИБ, Алматы қаласының ИББ бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалалары ішкі істер департаменттерінде саяси баспана беру жөніндегі ұсыным хат бойынша материалдарды қарастыру мерзімі, олар түскен күннен бастап 15 күннен аспауы тиіс.

Ескерту: 2.2-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 559 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

2.3. Қазақстан Республикасы еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің Көші-қон комитетінің және оның облыстық бөлімшелерінің ұсыным хаты бойынша саяси баспана беру жөнінде ұсыныс жасалған адамның паспорты облыстың ІІБ, Алматы қаласының ІІББ Көші-қон полициясы басқармасы (бөлімі) ол келген күннен бастап есептегенде үш ай мерзімге дейін тіркеледі. Қажет болса, визаны ұзарту ресімделеді.

2.4. Қазақстан Республикасының ІІМ-нің Көші-қон полициясы департаменті өз кезегінде, облыстық ІІБ, Алматы қаласының ІІББ материалдар алысымен, өздерінің есепке алулары бойынша, ұсынылған адамға саяси баспана беруге кедергі келтіретін мәліметтерді тексереді, ұсыным хатты қанағаттандырудың орындылығы жөнінде қорытынды жасайды және оны Қазақстан Республикасының еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің көші-қон Комитеті басқармасына жібереді.

Ішкі істер министрлігінде, облыстық ІІБ-да, Алматы қаласының ІІББ-да саяси баспана беру туралы ұсыным хат бойынша материалдарды қарастырудың жалпы мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

ІІІ. Қазақстан Республикасында саяси баспана беру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын орындау тәртібі

3.1. Қазақстан Республикасының ІІМ-нің Көші-қон полициясы департаменті Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру немесе саяси баспана беру туралы ұсыным хатты бұзу туралы Жарлығын алысымен, оны орындау үшін облыстық ІІБ-на, Алматы қаласының ІІББ-на жібереді.

3.2. Облыстық ІІБ мен Алматы қаласының ІІББ Көші-қон полициясы басқармасы (бөлімі) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын алғаннан кейін:

а) Қазақстан Республикасы еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігінің көші-қон Департаменті берген белгіленген үлгідегі куәліктің негізінде саяси баспана беру туралы ұсыным бойынша жағымды шешім қабылданса, Қазақстан Республикасында саяси баспана берілген адамға және оның 16 жасқа толған отбасы мүшелеріне бір жерде тұруға белгі қағазын немесе азаматтығы жоқ адамдардың куәлігін ресімдейді;

б) Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ

адамдарға саяси баспана беру туралы ұсыным хатты бұзу немесе саяси баспана құқығын жоғалту не саяси баспанадан айыру жағдайында олардың Қазақстан Республикасының аумағынан кетуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қ о л д а н а д ы .

Ескерту: 3.2-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қыркүйектегі N 559 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

3.3. Егер, Қазақстан Республикасында саяси баспана берілген адам, қасақана қылмыс жасаса және оған байланысты заң күшіне енген айыптау үкімі болса, ішкі істер органдары бұдан әрі Қазақстан Республикасы Президентіне осы адамды Қазақстан Республикасындағы саяси баспанадан айыру туралы ұсыным хат дайындау үшін Қазақстан Республикасы еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің Көші-қон полициясы басқармасына мәлімдеме жібереді.

3.4. Қазақстан Республикасынан шығу және оған келу құжаттарын ресімдеу, Қазақстан Республикасында саяси баспана берілген адам мен оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жүріп-тұрулары Қазақстан Республикасына шетел азаматтарының келуі туралы Ережесінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І І М - н і ң К ө ш і - қ о н

полициясы департаменті